

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін  
Ректор

У. Умбетов

Ғылыми Кеңестің шешімі  
№ 1 хаттама 29 08 2024ж.



Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау  
ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2024

## Қызылорда «Болашақ» университетінде білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау ережесі

Негізгі нормативтік құжаттар:

- 1) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңның 4-бабының 5) тармақшасы, 5-бабының 11) тармақшасы;
- 2) "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 24 маусымдағы № 307 бұйрығы;
- 3) Қызылорда «Болашақ» университетінің академиялық саясаты.

Білім алушыларды бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір жоғары оқу орнынан (әрі қарай ЖОО) екіншісіне ауыстыру және қайта қабылдау жазғы және қысқы каникул кезеңінде жүзеге асырылады. Бұл ретте төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, соғыс уақытында, сондай-ақ, оқу еліндегі қарулы, әскери қақтығыстар жағдайында Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды шетелдік ЖОО-нан ауыстыру және қайта қабылдау оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

Егер білім алушы жеке оқу жоспарына сәйкес меңгеріп жатқан бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін толық аяқтаса, қайта қабылдау кезінде оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан, кез келген ЖОО-ға ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

Уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және одан айыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, осы ЖОО-ның білім алушылары уәкілетті орган лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және одан айыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап ағымдағы семестр ішінде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖОО-ға ауыстырылады.

Білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша ерікті түрде тоқтатылған немесе ЖОО таратылған жағдайда, осы ЖОО-ның білім алушылары ЖОО-ның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны ерікті түрде тоқтату немесе тарату туралы жүгінген күнінен бастап ағымдағы семестр ішінде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖОО-ға ауыстырылады.

Білім алушыларды бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір ЖОО-дан екіншісіне ауыстыру және қайта қабылдау кезінде пәндер айырмашылықтарын анықтау мақсатында университет тиісті комиссия құрамын бекітеді.

Басқа оқу орнынан ауысып келген жағдайда немесе оқуды қайта жалғастыру үшін білім алушылар пән айырмашылықтарын оқу мерзімі ішінде игеруге тиіс.

Университет белгілеген ағымдағы үлгерім рейтингісі төмен емес үлгерімі бар білім алушыларға ғана ауысуға рұқсат етіледі. Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде оқу курсы пререквизиттері ескеріле отырып айқындалады. Егер міндетті компоненттері бойынша академиялық айырмашылық 30 ECTS кредиттен аспаса, сол курсқа ауыстыру мүмкін болады.

Оқу ақысын төлемегені үшін оқудан шығарылған ақылы негізде оқитын білім алушы қарызын өтеген жағдайда, оқудан шығарылған күннен бастап төрт аптаның ішінде оқуға қайта қабылдана алады.

Шығармашылық даярлықты қажет ететін білім беру бағдарламаларынан басқа білім беру бағдарламаларына білім алушының ауысуы "Білім туралы" Заңның 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленген өту балынан төмен емес балы бар ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты болған жағдайда жүзеге асырылады.

Білім алушыны ауыстыру, қайта қабылдау кезінде ЖОО дайындық бағытын және білім беру бағдарламалары бейінін, білім алушының оқу жетістіктерін ескереді.

Бейін сәйкес келмеген жағдайда білім беру бағдарламаларын игеру үшін пререквизиттер белгіленеді. Пререквизиттерді ЖОО оқыған пәндер тізбесі, олардың бағдарламалары және транскрипте көрсетілген академиялық сағаттардағы немесе кредиттердегі көлемі негізінде айқындалады.

Ауыстыру, қайта қабылдау кезінде білім алушының қол жеткізген оқу нәтижелері, оң бағалары академиялық кредиттерді бір білім беру бағдарламаларын екіншісіне, бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына ауыстыру арқылы танылады.

Мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алушылар мемлекеттік білім беру грантын сақтай отырып, өз қалауы бойынша басқа ЖОО-ға ауысады.

Жекелеген білім беру бағдарламалары үшін бекітілген Білім беру гранты бойынша нысаналы орындарға, сондай-ақ бөлінген квота шегінде педагогикалық білім беру бағдарламаларына түскен білім алушылар басқа ЖОО-ға тек ақылы негізде ғана ауыса алады.

Білім алушыны ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру "Білім туралы" Заңның 4-бабының 5) тармақшасына сәйкес бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

Бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, оқуға қайта қабылдау және басқа ЖОО ауысу кезінде пән айырмашылығы болған жағдайда оны тапсыру және оның ақысын төлеу білім алушының міндеті болып табылады.

Бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, оқуға қайта қабылдау және басқа ЖОО ауысу кезінде университетпен екі немесе үш жақты келісім-шартқа отырып, оқу ақысының алғашқы жарнасын төлеу міндетті болып табылады және қалған оқу ақысын келісім-шартта көрсетілген мерзімде төленуі тиіс.

Басқа жоғары оқу орнынан (әрі қарай ЖОО) Қызылорда «Болашақ» университетіне ауысу келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Білім алушы білім алып жатқан ЖОО ректорының атына жазылған ауысу жөніндегі өтініші (ректордың қолы мен ЖОО-ның мөрі болуы тиіс), транскрипт (түпнұсқа), жеке куәлігінің көшірмесі, сертификат көшірмесі (ҰБТ,КТ) және ЖОО лицензия көшірмесімен бірге Қызылорда«Болашақ» университетінің студенттік бөлімінекеліп ректордың атына ауысу жөніндеөтінішін (қосымша 1) білдіреді;

2) Студенттік бөлімніңқызметкері ректордың атына жазылған ауысу туралы өтініш пен біргеұсынылған құжаттарды тексеріп, түгелдеп шыққан соң үш жұмыс күні ішінде білім алушы бұрын оқыған ЖОО-на құжаттарын жіберу туралы сұраныс хатын жібереді және ұсынылған құжаттарды университеттің тиісті комиссия құрамына ұсынады.

3) Университеттің тиісті комиссия құрамы ұсынылған құжаттардың негізінде оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылықтарынайқындайды және меңгерілген пререквизиттерге сәйкес оқу курсы белгілейді.

4) Білім алушыныңпәндер айырмашылықтарын жоюмақсатында сабақ кестесі әзірленеді және бұйрық жобасы дайындалады.

Білім алушының білім туралы құжаттары шетелдік білім беру ұйымынан берілген болса, ондаҚазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 шілдедегі №352 бұйрығымен бекітілген «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларында» белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында нострификациялау рәсімінен өтуі тиіс;

Білім алушыны Қызылорда«Болашақ» университетінен басқа ЖОО-на ауысу келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) білім алушы ректордың атына басқа ЖОО-на ауысу туралы еркін нысанда өтініш (қосымша 4) береді және ауысуға мөрмен бекітілген жазбаша келісімін алып, айналым парағын өтеді;

2) ректордың жазбаша келісімінен кейін тіркеу офисі қызметкерлерініңқолы қойылған, мөрібасылған транскриптің, білім беру гранты иегері куәлігінің көшірмесін

(болған жағдайда), білімі туралы құжаттың көшірмесін, жеке басын куәландыратын құжат көшірмесін, университеттің және мамандықтың лицензиясының көшірмесін, ҰБТ немесе КТ сертификатының көшірмесін, магистратура үшін кешенді емтихандарды тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесін қоса алып, ауысатын ЖОО-на барады;

3) қабылдайтын оқу орны білім алушыны қабылдап алғаннан соң Қызылорда «Болашақ» университетіне құжаттарын жіберу туралы сұраныс хат жібереді;

4) сұраныс хат келгеннен соң үш жұмыс күні ішінде білім алушыны университеттен шығару туралы бұйрық жобасы дайындалып, студенттік бөлім білім алушының құжаттарын сұранысқа сай жібереді.

Білім алушыларды бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Білім алушы ректордың атына жазылған білім беру бағдарламасын ауыстыру жөнінде өтініш(қосымша 3) білдіріп, ректордың жазбаша келісімін алу керек;

2) Университеттің тиісті комиссия құрамы білім алушының өтініші негізінде оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылықтарын айқындайды және меңгерілген пререквизиттерге сәйкес оқу курсы белгілейді.

3) Білім алушының пәндер айырмашылықтарын жою мақсатында сабақ кестесі әзірленеді және бұйрық жобасы дайындалады.

Қызылорда «Болашақ» университетінде білім алушыларды қайта қабылдау келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) білім алушы қайта қабылдауға университет ректорының атына өтініш (қосымша 2) береді және ректордың жазбаша келісімінен кейін жеке куәлігінің көшірмесін, оқу ақысына төлеген түбіртек көшірмесін студенттік бөлімнің қызметкеріне ұсынады;

2) студенттік бөлімнің қызметкері білім алушының қайта қабылдау туралы өтінішіне сәйкес жеке құжаттарын университет мұрағатынан алады.Егер білім алушының жеке құжаттары университет мұрағатында болмаған жағдайда немесе басқа ЖОО-нан оқудан шығып, университетке қайта қабылдауға келген жағдайда, ол білімі туралы құжаттың түпнұсқасын (қосымшасымен), ҰБТ немесе КТ тапсыруы туралы сертификаттың көшірмесін, магистратура үшін кешенді емтихандарды тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі, бекітілген нысандағы медициналық анықтамасы, сурет 3x4 көлемінде 6 дана, транскриптің түпнұсқасы, оқуға қабылдау, келесі курсқа көшу, оқудан шығу бұйрықтарының көшірмелерін және тағы басқа тиісті құжаттарды ұсынуы тиіс;

3) Университеттің тиісті комиссия құрамы ұсынылған құжаттардың негізінде оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылықтарын айқындайды және меңгерілген пререквизиттерге сәйкес оқу курсы белгілейді.

4) Білім алушының пәндер айырмашылықтарын жою мақсатында сабақ кестесі әзірленеді және бұйрық жобасы дайындалады.

Шетелдік білім беру ұйымынан ауысатын немесе қайта қабылданатынбілім алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ректордың атына жазылған өтініш; (қосымша 1)

2) жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;

3) Транскрипт немесе академиялық анықтама;

4) аттестат немесе диплом қосымшасымен (түпнұсқа);

5) шетелдік білім беру ұйымдарына түсу алдындағы сынақ нәтижелері;

6) белгіленген нысанда медициналық анықтама;

7) сурет 3x4 көлемінде 6 дана.

Білім алушылар қатарына қайта қабылдау ақылы негізде ғана жүзеге асырылады.

Академиялық пәндер айырмашылықтарды жою үшін білім алушы ақылы негізде осы пәндерге жазылады, академиялық кезең ішінде оқу сабақтарының барлық түріне қатысып, ағымдағы, қорытынды бақылауға жіберілгендігі туралы рұқсат алады және

тапсырады.

Академиялық пәндер айырмашылығы ағымдағы академиялық кезеңнің оқу сабақтарының кестесіне енгізілмеген жағдайда, білім алушы пән айырмашылықтарын жою үшін ақылы негізде қосымша жазғы семестрге жазылу керек.

Білім алушыларды курстан курсқа ауыстыру білім алушы үлгерімнің орташа балы (GPA) белгіленген ауысу балынан төмен емес болған жағдайда жүзеге асырылады.

1 – курсты бітірген білім алушылар үшін GPA – 1,5 баллдан кем болмауы тиіс; 2-курсты бітіргендер-1,67; 3, 4-курсты бітіргендер-1,84 баллдан кем болмауы тиіс.

Барлық мамандықтар бойынша магистранттарға GPA –2,3 балды құрайды.

Барлық академиялық қарыз жойылып, тиісті құжаттар жоғары мектеп декандарына күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін тапсырылуы тиіс.

**Басқа ЖОО-нан Қызылорда «Болашақ» университетіне ауысу үшін жазылатын өтініштің үлгісі**

Болашақ университетінің ректоры  
т.ғ.д., профессор У.Умбетовке

\_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

мамандығының \_\_\_\_ курс  
білімгері \_\_\_\_\_

Мекен-жайы:

\_\_\_\_\_

Тел: \_\_\_\_\_

**Өтініш**

Мені \_\_\_\_\_

(қай ЖОО екенін көрсетіңіз)

Болашақ университетінің \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ білім беру  
бағдарламасының күндізгі оқу бөліміне \_\_\_\_\_ курсқа қабылдауыңызды сұраймын.  
Пән айырмашылығы болған жағдайда тапсыруға және ақылы негізде төлеуге  
міндеттенемін.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Өтініш иесі: \_\_\_\_\_

**Білім алушылар қатарына қайта қабылдау өтінішінің үлгісі**

Болашақ университетінің ректоры  
т.ғ.д., профессор У.Умбетовке

\_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

мамандығының \_\_\_\_ курс  
білімгері \_\_\_\_\_

Мекен-жайы:

\_\_\_\_\_

Тел: \_\_\_\_\_

**Өтініш**

Мені осы өтінішім арқылы Болашақ университетінің  
\_\_\_\_\_ білім беру

бағдарламасының күндізгі оқу бөліміне келісім-шарт негізінде білімгерлер қатарына қайта  
қабылдауыңызды сұраймын.

Пән айырмашылығы болған жағдайда тапсыруға және ақылы негізде төлеуге  
міндеттенемін.

Өтініш иесі: \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

**Білім алушыларды бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру өтінішінің үлгісі**

Болашақ университетінің ректоры  
т.ғ.д., профессор У.Умбетовке

\_\_\_\_\_ мамандығының \_\_\_\_\_ курс  
білімгері \_\_\_\_\_

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Мекен-жайы: \_\_\_\_\_

Тел: \_\_\_\_\_

**Өтініш**

Мені осы өтінішім арқылы

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасы  
\_\_\_\_\_ оқу тобынан

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасы  
\_\_\_\_\_ оқу тобына ауысуыма рұқсат беруіңізді сұраймын.

Пән айырмашылығы болған жағдайда тапсыруға және ақылы негізде төлеуге міндеттенемін.

Өтініш иесі: \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Қосымша 4

**Қызылорда «Болашақ» университетінен Басқа ЖОО-на ауысу үшін жазылатын өтініштің үлгісі**

Болашақ университетінің ректоры  
т.ғ.д., профессор У.Умбетовке

\_\_\_\_\_ мамандығының \_\_\_\_\_ курс  
білімгері \_\_\_\_\_

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Мекен-жайы: \_\_\_\_\_

Тел: \_\_\_\_\_

**Өтініш**

Мені Болашақ университетінен \_\_\_\_\_

(қай ЖОО екенін көрсетіңіз)

ауысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

**Білім алушыларды келесі курсқа көшіру бұйрығынан көшірме үлгісі**

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ бұйрықтан көшірме

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 24 маусымдағы № 307 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасы бойынша оқу жоспарының талаптарын толық орындаған, барлық емтихандарды тапсырған және жазғы семестрді ескере отырып, ең төменгі өту балын (GPA) \_\_\_\_\_ жинаған \_\_\_\_\_ курс \_\_\_\_\_ білім алушысы \_\_\_\_\_ курсқа көшірілсін.

Көшірме дұрыс \_\_\_\_\_

**Білім алушыларды бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру бұйрығынан көшірме үлгісі**

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ бұйрықтан көшірме

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 24 маусымдағы № 307 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес \_\_\_\_\_ курс білім алушысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасына нақтылы негізде оқу жоспары пәндеріндегі айырмашылықтарды жоя отырып \_\_\_\_\_ курс \_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасына ауыстырылып, \_\_\_\_\_ оқу тобына жіберілсін.

Көшірме дұрыс \_\_\_\_\_

**Білім алушылар қатарына қайта қабылдау бұйрығынан көшірме үлгісі**

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ бұйрықтан көшірме

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 24 маусымдағы № 307 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес университеттен \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ бұйрығымен оқудан шығарылған білім алушысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасы бойынша \_\_\_\_\_ курсының \_\_\_\_\_ оқу тобына қайта қабылданын.

Көшірме дұрыс \_\_\_\_\_



**Білім алушыларды Басқа ЖОО-нан қабылдау бұйрығынан көшірме үлгісі**

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ бұйрықтан көшірме

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 24 маусымдағы № 307 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес басқа ЖОО-нанауысып келуіне байланысты \_\_\_\_\_ білім \_\_\_\_\_ алушы

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасы бойынша \_\_\_\_\_ курсының \_\_\_\_\_ оқу тобына қабылданын.

Көшірме дұрыс \_\_\_\_\_


Келісілді:

Академиялық мәселелер жөніндегі  
проректор



Г.Ж.Снасапова

Академиялық мәселелер жөніндегі  
басқарма басшысы



А.К.Мырзанова

Тіркеу офісінің жетекшісі



К.У.Исхакова

Құрастарғандар:

Студенттік бөлім басшысы



Н.Б.Тыныштықбаев

«Бизнес, техника және технология»  
жоғары мектебінің деканы



М.Ə.Ембергенов

«Білім беру және педагогика»  
жоғары мектебінің деканы



Д.Ж.Серкебаев